

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Педагогикалық кадр даярлау бағыттары бойынша Академиялық
комитеттердің бірлескен мәжілісінің**

№ 1 хаттамасы

Түркістан қаласы

28.11.2025 ж.

Қатысқандар: Педагогикалық бағыттағы Академиялық комитет төрағалары мен мүшелері, педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларын жүзеге асырушы факультет декандары және кафедралар меңгерушілері, Академиялық департамент директоры, бөлім басшылары мен әдіскерлері.

Күн тәртібінде:

1. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасымен сәйкестігін толық қамтамасыз ету мақсатында педагогикалық компонент пәндерінің мақсаттарына, оқыту нәтижелеріне, мазмұндық модульдеріне, практикалық сабақтары мен тапсырмаларына және бағалау критерийлеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп бекіту.

Тыңдалды:

Академиялық департамент директоры А.Бостанова:

Мұғалімдердің 2025 жылғы тамыз конференциясындағы ҚР Президентінің тапсырмасын іске асыру мақсатында ҒЖБМ тарапынан 06.11.2025ж. педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларына «Адал азамат» пәнін (курсын) енгізу туралы ұсыныс берілген.

Мен сіздерді бұл мәселе бойынша АД және ӘЖҰБ тарапынан жүргізілген талдаулар нәтижесімен таныстырайын:

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы ұлттың жаңа келбетін қалыптастыратын:

- Тәуелсіздік және отаншылдық
- Бірлік және ынтымақ
- Әділдік және жауапкершілік
- Заң және тәртіп
- Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік
- Жасампаздық және жаңашылдық құндылықтарын бала тәрбиесіндегі басты бағдар ретінде айқындайды. Біз педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларының түлектері – «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыратын болашақ мұғалімдер тұлғасын осы құндылықтарға ие, рухани, адамгершілік және әлеуметтік жауапкершілік негізінде қалыптастырумыз қажет.



Қожа Ахмет Ясауидің рухани мұрасы мен әмбебап академиялық этиканың синтезі негізінде қалыптастырылған университеттің негізгі Құндылықтары және университет Түлектерінің атрибуттары «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы құндылықтарымен үндес:

Университет құндылықтары:

1. Серіктестік және құрмет
2. Ашықтық және сенімділік
3. Әділдік және адалдық
4. Біліктілік және еңбекқорлық
5. Инновация және бейімделгіштік

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ түрік университеті түлегінің атрибуттары:

1. Жоғары этика мен парасаттылықты ұстанады.
2. Ашықтық пен сыйластық қағидаттарын ұстанады.
3. Көшбасшы, жаңа мүмкіндіктер іздейді және шешім қабылдайды.
4. Көптілді, мәдениет пен қоғам алдындағы жауапкершілігі жоғары және тұрақты даму мақсаттарын ұстанады.
5. Кәсіби саласында білімді, инновациялық және бейімделгіш.
6. Заманауи цифрлық технологияларды меңгерген.
7. Жаңа идеялар ойлап табады, өзгерістер енгізуге ұмтылады.
8. Өмір бойы білім алуға және ізденуге қабілетті.

Демек университеттегі осы құндылықтарды және түлектердің атрибуттарын қалыптастыруға бағытталған барлық іс-әрекеттер «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын келешекте іске асыра алатын тұлғаларды тәрбилеуге бағытталған іс әрекеттер деп түсінеміз.

Сондықтан университетте «Педагогикалық білім беру әлеуетін күшейту» жобасы аясында жүзеге асырылатын педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларына жаңа пән енгізудің орнына олардың құндылыққа бағытталған мазмұнын күшейту және жаңа ұлттық «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасымен сәйкестігін толық қамтамасыз ету мақсатында педагогикалық компонент пәндерінің мақсаттарына, оқыту нәтижелеріне, мазмұндық модульдеріне, практикалық сабақтары мен тапсырмаларына және бағалау критерилеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу тиімді деп санаймыз.

Бұл мәселе педагогикалық бағыттағы барлық Академиялық комитеттерде және тиісті кафедралар мен факультеттерде жан жақты талқыланып, талдаулар жүргізіліп, ұсыныстар әзірленген. Бүгінгі мәжілісте барлық ұсыныстарды талдап, ортақ шешім қабылдаймыз.

Педагогика және психология кафедрасы меңгерушісі, АК мүшесі А.Тасова:

Педагогика және психология даярлау бағыты бойынша АК мәжілісінде педагогикалық компоненттерге кіретін пәндердің мазмұнын «Адал азамат»

Тасова А.

біртұтас тәрбие бағдарламасымен толық үйлестіру жолдары қарастырылды. Пәндердің әр модуліне кіріктірілетін жаңартылған тақырыптар, сонымен бірге студенттердің кәсіби және тұлғалық дамуын қолдауға бағытталған қосымша практикалық тапсырмалар ұсынылды. (ұсыныстар слайдтарда тіркелді).

Академиялық комитет мүшесі, кафедра меңгерушісі, ф.ғ.к. С.Б.Бейсембаева:

6B017-Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша Академиялық комитет мәжәлісінде кіріктіріп оқыту технологиясын қолданып, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының негізгі қағидаттарын Қазақ тілі, Орыс тілі және Шетел тілі, Түрік тілі пәндерінің мазмұнына енгізу жолдары талқыланды.

«Адал азамат» тақырыбын енгізу жолдары және негіздемесі:

1.1. Лексикалық тақырып ретінде енгізу

Сабақтың сөздік қорына қатысты «Адал азамат» тақырыбына қатысты сөздерді қосу.

Жаттығу: Білім алушылар «Адал азамат» тақырыбына қатысты сөйлем құрастырады немесе шағын диалог жасайды.

1.2. Мәтін арқылы енгізу (Reading)

«Адал азамат» тақырыбына қатысты қысқа мәтіндер беру.

Жаттығу: Мәтіннің идеясы мен кейіпкерлердің адалдық әрекеттерін талқылау.

1.3. Сөйлеу дағдысында (Speaking activity)

«Адал азамат» бағдарламасына қатысты тақырыптық сұрақтар; Жұптық, топтық талқылаулар ұйымдастыру.

1.4. Жазылым дағдысында (Writing)

«Адал азамат» тақырыбына Эссе немесе ойтолғау:

Білім алушы мысал келтіріп, өз көзқарасын оқу тілінде қалыптастырады.

1.5. Рөлдік ойындар (Role-play)

Ситуациялар беру: зат тауып алу, дүкендегі қателесіп қайтарылған ақша, емтихан кезіндегі адалдық. Білім алушылар жағдайды оқу тілінде ойнап шығады.

Тілдік пәндер тек тіл үйрететін пән емес, сонымен қатар білім алушының құндылықтық көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. «Адал азамат» тақырыбы білім алушының мінез-құлқын, азаматтық ұстанымын дамытуға септігін тигізеді деп есептейміз.

Дінтану кафедрасының меңгерушісі Ф.Камалова:

Қазақстан Республикасында жүзеге асырылып жатқан «Адал азамат» бірыңғай тәрбиелеу бағдарламасы ұлттық бірегейлікті дамыту, қоғамға қызмет ету мәдениетін қалыптастыру және экологиялық жауапкершілікті арттыруды көздейтін тәрбиелеудің үштік идеологиясына негізделген. Аталған бағдарлама жастардың тұлғалық дамуын ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтармен сабақтастыра тәрбиелеуді міндет етеді.

Осы үштік идеология университетіміздегі жалпыға білім беретін «Ясауитану» пәнінің басты мақсаттары мен мазмұнында толық көрініс

табады. Ясауидің «дертті адам» концепциясы, Абайдың «Толық адам» ілімі, Шәкәрімнің «Ар» ұстанымы және әл-Фарабидің «кемел адам» идеясы білім алушылардың жеке жауапкершілігі мен қоғамға қызмет ету мәдениетін қалыптастыруда теориялық-рухани негіз бола алады және **«Адал азамат» бірыңғай тәрбиелеу бағдарламасының** басты қағидаларымен толық үйлеседі.

«Ясауитану» пәнінің білім беру мазмұны мемлекеттік деңгейде айқындалған тәрбиелік бағдарларды жүзеге асырудың маңызды академиялық платформасы болып табылады.

ӘЖҰБ басшысы Е.Шахабаев:

Осы мәжілісте айтылған ұсыныстар негізінде педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларының мазмұнына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бір кестеге топтастырылды:

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын педагогикалық білім беру бағдарламаларының мазмұнымен интеграциалау кестесі

№	Пән атауы	Пән мазмұнына енгізілетін өзгерістер сипаттамасы			
		Дәріс	Семинар, практика	БӨЖ	Ескерту
1	Қазақ тілі	«Адал азамат» бағдарламасындағы адамның моральдық-этикалық қасиеттеріне қатысты сөздік қорды меңгерту, мәтінмен жұмыс жасау, академиялық жағдаяттарда қолдану.	1 Тақырыптық мәтін. «Адал азамат деген кім?» атты қысқа мәтін беріп, сөздікпен жұмыс жасату.	- «Адал азамат» ұғымына сипаттама беру;	Бұл пәндер тек тіл үйрететін пәндер емес, кіріктіріп оқыту арқылы білім алушының құндылықтық көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. «Адал азамат» тақырыбы оқушының мінез-құлқын, азаматтық ұстанымын дамытуға септігін тигізеді.
2	Орыс тілі		2 Пәндік терминдер: <i>этика, мәдениет, құндылық, адам капиталы, әлеуметтік жауапкершілік.</i>	- жағдаяттық диалогтар құру (міндет, жауапкершілік, тәртіп туралы);	
3	Шет тілі			- қоғамдық ортада дұрыс және адал әрекет мысалдарын талқылау;	
4	Түрік тілі			- шағын мәтін, пікір, эссе жазу («Что значит быть честным гражданином?»).	
5	Яссауи тану	«Адал азамат» бірыңғай тәрбиелеу бағдарламасының үштік идеологиясы.	Ясауидің «дертті адам» концепциясы, Абайдың «Толық адам» ілімі, Шәкәрімнің «Ар ілімі» ұстанымы және Әл-Фарабидің «кемел адам» идеясымен «Адал азамат» бірыңғай тәрбиелеу бағдарламасының үйлесуі	Қожа Ахмет Ясауидің шығармаларындағы (әсіресе «Диуани хикмет», «Миратул Кулуб (Көңілдің айнасы)», «Пақырнама» мұрасындағы) тағылымдық, адам тәрбиесіне бағытталған, қоғамға қызмет, кішіпейілділік, адалдық, табиғатпен үйлесім қағидаларының көрінісі туралы шағын мәтін, пікір, эссе жазу	Қазақстан Республикасында жүзеге асырылып жатқан «Адал азамат» бірыңғай тәрбиелеу бағдарламасы ұлттық бірегейлікті дамыту, қоғамға қызмет ету мәдениетін қалыптастыру және экологиялық жауапкершілікті арттыруды көздейтін тәрбиелеудің үштік идеологиясына негізделген. Осы үштік идеология университетіміздегі

2017

					жалпыға білім беретін «Ясауитану» пәнінің басты мақсаттары мен мазмұнында толық көрініс табады.
6	Білім берудегі психология және өзара әрекеттесу мен коммуникация тұжырымдамалары		Тақырыптар: Психологиялық коммуникациядағы адалдық, сенім, әділдік, эмпатия қағидаттарын қалыптастыру. Мұғалім мен оқушы арасындағы әділ қарым-қатынас моделдері.		Пәннің «Адал азамат» тәрбие бағдарламасымен құндылық интеграциясы: бірлік және ынтымақ, әділдік және жауапкершілік
7	Білім беру туралы ғылым және оқытудың негізгі теориялары	Тақырып: «Адал азамат» тәрбие бағдарламасының өзегі - Толық адам ілімі	Абайдың «Толық адам» тұжырымдамасы ҚР білім алушыларының жеке басын тәрбиелеудің жаңа моделінің негізі ретінде	«Толық адам» концепциясының «Адал азамат» идеясымен байланысы, Білімді адамның басты сипаты – адалдық т.б. тақырыптарына шағын мәтін, пікір, эссе жазу	Толық адам ілімінің «Адал азамат» бір тұтас тәрбие бағдарламасын іске асыруда қосатын үлесі мол. «Адал азамат» тәрбие бағдарламасымен құндылық интеграциясы: жасампаздық және жаңашылдық, еңбекқорлық және кәсіби біліктілік
8	Бағалау және дамыту	Бағалау принциптері мен функциялары	Топқа үш кейс беріледі. Әр топ кейс тақырыбын өз бетінше тандайды. 1. Оқушылардың білімін әділ бағалау кезінде қағидаттарды ескерудің маңыздылығы. 2. Ақпараттық технологиялар контекстіндегі оқыту нәтижелерін бағалау функциялары. 3. Қазіргі оқу үдерісіндегі бағалау функциялары.	Кейстермен жұмыс	«Адал азамат» тәрбие бағдарламасымен құндылық интеграциясы: әділдік және жауапкершілік
9	Мұғалім кәсібіне кіріспе (оқу практикасы I-курс)	Оқу тапсырмалары және студенттердің жұмыс жүктемесі: «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарына сәйкес тәрбие сағаттарын бақылау	«Адал азамат» қағидаттары бойынша мектептің тәрбиелік ортасын талдауға қатысады		
10	Психологиялық және педагогикалық бағалау (психологиялық-педагогикалық	Сынып жетекшісінің жұмыс жүйесін зерделеп, жоспарланған тәрбиелік іс-	«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының психолого-педагогикалық аспектілерін зерттейді.	«Мұғалімнің алдында бас иемін» немесе «21 ғасырдың мұғалімі», «Мен	

	практика, 2-курс)	шараларды іске асыруға, сондай-ақ тәрбие жұмысының жекелеген түрлері Мен танысады		үшін Адал азаматты тәрбиелейтін мұғалім» тақырыбында шағын эссе жазады.	
11	Педагогикалық технология (педагогикалық практика, 3-курс)			Адал азамат" біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша іс-шараларды дайындап, және өткізеді;	
12	Білім берудегі зерттеулер және инновациялар (педагогикалық практика, 4 курс)	Оқытылатын пән бойынша және «Адал азамат» біртұтас тәрбие сәйкес сыныптан тыс іс-шаралар жоспарлап, ұйымдастырады			

Педагогикалық кадр даярлау бағыттары бойынша Академиялық комитеттердің бірлескен мәжілісінің ШЕШІМІ:

1. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасымен сәйкестігін толық қамтамасыз ету мақсатында педагогикалық және жоо компонент пәндерінің мазмұнына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар қабылдансын.

2. Өзгерістер мен толықтыруларды әр пәннің оқу әдистемелік кешен құжаттарына енгізіліп, қажет жағдайда ол құжаттардың қайта бекітілуі қамтамасыз етілсін. Жауаптылар: Факультет декандары мен кафедра меңгерушілері

Академиялық депатамент директоры

А.Бостанова

**Әдістемелік жұмысты
ұйымдастыру бөлім басшысы**

Е.Шахабаев

